

Үй тапсырмасы

Тұрақты тіркестерді тауып жазыңыз

1. Жүрек жұтқан
2. Өсекші
3. Ит өлген жер
4. Соқыр
5. Аяғының сылтымасы бар
6. Жерге кіре жаздады
7. Бармағын тістеу
8. Аузы жеңіл
9. Топас
10. Құлаққа ұрған танадай
11. Сөзуар
12. Саңырау
13. Кірерге тесік таппау
14. Мұрнын көкке көтеру
15. Қолы ашы

Өткен сабақты қайталау

| | | |
|--------------------|-----------------------|-------------|
| қой аузынан | аузын ашпау | 1. 2 |
| Мұзға | шөп алмас | 2. |
| Жұмған | отырғызып кету | 3. |
| Ағынан | айту | 4. |
| Аймандай | оңынан туды | 5. |
| Айы | қыл өтпейді | 6. |
| Арасынан | жарылды | 7. |
| Әңгімесі | қылды | 8. |
| Бетке | жарасу | 9. |

Отбасындағы табыс

Белсіздік есімдіктері

- 1 Азық-түлік себеті.
- 2 **Коммуналдық қызметтер.**
- 3 Денсаулық.
- 4 **Білім.**
- 5 Лотерея.
- 6 **Банк.**
- 7 **Кәсіпкерлік. Бизнесті жобалау.**
- 8 Бос микрофон

«Ақшаны сыйласаң ол да сені жақсы көреді» немесе «Тиыннан сом құралады» деген мақалдар біздің бүгінгі сабағымызға қатысты айтылғандай.



ОТБАСЫЛЫҚ ТАБЫС



Бюджет- сөзі ақша салатын әмиян деп аударылады екен.

Біз әр күнімізді, мерекені, жұмыстың бәрін жоспарлаймыз.

Сол секілді ақшаны да санап, жоспарлы жұмсаған дұрыс.

Үй бюджеті дегеніміз үйге кіретін барлық табыстарды және шығындарды тиімді құрастырып, есептеп отыру.

Бюджет қалай тиімді болады?

Ол үшін отбасылық кірістерді және шығыстарды дұрыс құрастыру қажет.

ОТБАСЫ ТАБЫСЫ

КІРІСТЕР

– барлық ақшаларыңыз шәкіртақы, зейнетақы, айлық жалақы, құнды қағаздар, жәрдемақы. Үкіметтен алған сыйлықтар өндірістен, жеке адамнан ақшалай заттай бағалы қағаздай алатын құндылықтар. т.б жатады.

ШЫҒЫСТАР

- жаратылып жатқан ақша. Киім- кешек, жиһазға жететін қаржы. үйге, жиһазға, тұрмыстық заттарды жөндеуге жұмсалған қаржы

Табысты таразы ретінде Елестетуге болады



Бір ыдысқа кіріс, екінші
ыдысқа шығысты саламыз

Кіріс

ШЫҒЫС



**БҰЛ БЮДЖЕТТІ БАЛАНС
деп атайды, шығыс пен кіріс тепе-тең**

Жаңа сабақ

Белгізідік есімдігі — затты, сындық белгіні, сан-мөлшерді белгісіз етіп жорамалдап, тұспалдап көрсету мәнін білдіретін есімдіктің түрі.

Мысалы: Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін (Абай).

Адамның кейбір кездері Көңілде алаң басылса (Абай).

Бұл сөйлемдердегі **біреу** есімдігі **белгісіз бір адам** мағынада кейбір есімдігі нақ мезгілді атамай белгісіз бір кездер мәнінде колданылған.

Тапсырманы ауызша орындау.

Сөйлемдерді оқып шығып, есімдіктерді тауып, олардың қандай есімдіктер екенін айтыңдар.

1. - Әй, осы сенің мергендігіңді айтқанда, аузымызды ашып, көзімізді жұмамыз, көрсетші сол өнеріңді. – деді жеңгесі.
2. – Мына қасқыр неге көмілді? Екіншісі қайда кетті? Бұлардың не ойлағаны бар? деген сұрақ енді Рамазан мергенді дал қылады. Қалай болған күнде де мынаның тегін емес екені анық. Демек, қапы қалмай тұрғанда, бір әрекет жасап қалу керек деп ойлайды мерген.
3. Ол дүниенің бәрін ұмытып, өзімен - өзі жас баладй маз. Барша зейіні бауырынабасқан құсқа ауып, тап бір аяулы арманы қолына қонғандай күйге түскен.
4. Аңшылықты күштің басымдығымен емес, өнеріңді асырып аулағанға не жетсін! Ол үшін мына сіз сияқты аң, қанатты құстың тілін білу керек. Ондай өнер бізге қайдан бітсін. Тым болмаса, осы қақпаншылығыңызды үйретіңізші.

Кірістерге
шәкіртақы,
зейнетақы,
айлық жалақы,
құнды қағаздар,
жәрдемақы, т.б
жатады.





**ШЫҒЫСТАР
ДЕГЕНІМІЗ БАРЛЫҚ
ЖАРАТЫЛЫП
ЖАТҚАН АҚША.
ШЫҒЫСТАРҒА-
САЛЫҚ, АЗЫҚ-
ТҮЛІККЕ
ЖҰМСАЛАТЫН
ҚАРЖЫ, КИІМ-
КЕШЕК, ЖИҢАЗҒА
ЖЕТЕТІН ҚАРЖЫ, Т.Б**



«Білімді байқап көр»

1. «Кей есімдігі» қай сөзбен тіркескенде бірге жазылады?

- а) біреу; ә) уақыт; б) кітап

2. Сөйлемдегі есімдік қандай қызмет атқарып тұр?

Тапсырмаңызды әлдеқашан орындағанмын.

- а) анықтауыш; ә) толықтауыш; б) пысықтауыш;

3. Қайсысының жазылуы дұрыс?

- а) ешқашан; ә) еш бір; б) еш кім;

4. Мына сөйлемге лайықты есімдік қайсысы?

..... ауыл жиналысқа келді.

- а) ешбір; ә) бүкіл; б) міне;

5. «Сен сөзі» қай қатарда есімдік?

- а) Сен нешінші сыныпта оқисың?;

ә) Қиын кезеңде маған сен.;

б) Сенер-сенбесін білмеді;

6. «Мен» сөзінің қайсысы жіктеу есімдігі?

- а) Оның сөзін мен түсіне алмадым.;

ә) Абзал мен Ардақ – сыныптағы озат оқушылар.;

б) Екі мен екіні қоссаң төрт болады.;

Сабақты бекіту

Сөйлемдерді оқып шығып, есімдіктерді тауып, айтындар.

1. - Әй, осы сенің мергендігіңді айтқанда, аузымызды ашып, көзімізді жұмамыз, көрсетші сол өнеріңді. – деді жеңгесі.
2. – Мына қасқыр неге көмілді? Екіншісі қайда кетті? Бұлардың не ойлағаны бар? деген сұрақ енді Рамазан мергенді дал қылады. Қалай болған күнде де мынаның тегін емес екені анық. Демек, қапы қалмай тұрғанда, бір әрекет жасап қалу керек деп ойлайды мерген.
3. Ол дүниенің бәрін ұмытып, өзімен - өзі жас баладй мээ. Барша зейіні бауырынабасқан құсқа ауып, тап бір аяулы арманы қолына қонғандай күйге түскен.
4. Аңшылықты күштің басымдығымен емес, өнеріңді асырып аулағанға не жетсін! Ол үшін мына сіз сияқты аң, қанатты құстың тілін білу керек. Ондай өнер бізге қайдан бітсін. Тым болмаса, осы қақпаншылығыңызды үйретіңізші.

Үйге тапсырма

**Ішінде белгісіздік есімді болатын,
отбасылық кіріс шығыс туралы
сөйлемдер құраңыз.**

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

